



Автор: Жалгасбаева Лайла Елемесовна

Пән: Дүниетану. Тарих компоненті

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Су - тіршілік көзі

Тақырып: Адамдардың алғашқы қоныстары қашан және қалай пайда болды?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.2.3.1 табиғи жағдайларға байланысты адамдардың қоныстануын талдау (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары)
Сабақтың мақсаты:	Оқушылар - табиғи жағдайлардың адамдардың қоныстануына әсерін анықтау.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар:-ежелде адамдар қайда көбірек қоныстанғандарын әңгімелейді; Терминология: Тау етегі; Өзен; Көл. Талқылауға арналған сұрақтар: - Неге адамдар қоныстану үшін өсімдіктерге бай және жануарларға мол орындарды таңдаған? Жазуға арналған сұрақтар: -«Қайда өмір сүрген керемет?» тақырыбына эссе жазу.
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар:-су нысандары (көлдер, өзендері және т. б.) жанында орналасқан Қазақстанның қалалары мен қоныстарын атайды және көрсетеді; - тау баурайында, төбешіктер жанында орналасқан Қазақстанның қалалары мен қоныстарын атайды және көрсетеді; -Ұлы Жібек жолы және оның адамдарды қоныстандырудағы маңызы туралы біледі; -Ұлы Жібек жолы бағыты бойынша орналасқан Қазақстанның қалалары мен қоныстарын атайды және көрсетеді; - адамдардың қоныстану себептерін атайды;
Бағалау критерийлері:	Оқушылар:-су нысандары (көлдер, өзендері және т. б.) жанында орналасқан Қазақстанның қалалары мен қоныстарын атайды және көрсетеді; - тау баурайында, төбешіктер жанында орналасқан Қазақстанның қалалары мен қоныстарын атайды және көрсетеді; -Ұлы Жібек жолы және оның адамдарды қоныстандырудағы маңызы туралы біледі; -Ұлы Жібек жолы бағыты бойынша орналасқан Қазақстанның қалалары мен қоныстарын атайды және көрсетеді; - адамдардың қоныстану себептерін атайды;
Құндылықтарды дарыту:	Қарсы пікірді талқылау кезінде бір-біріне деген құрмет мейірімділік қарым-қатынас қалыптасады. Патриоттық сезім өз өлкесіне деген сүйіспеншілікке баулу арқылы дамиды.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта
Пәнаралық байланыс:	Қазақ тілі: сөйлеу дағдысын дамыту; Картамен жұмыс
Бастапқы білім:	Оқушылар 1 сыныпта « Дені саудың- жаны сау» тарауында су ресурстарының адам өміріндегі қолданылуымен, табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерін сақтаудың маңыздылығымен танысты. 3 сыныпта «Жанды табиғат» тарауынан климаттың негізгі түрлерін, табиғи жағдайларға байланысты адамдарды әрқелкі қоныстануын біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы	1. Миға шабуыл (топта) Түрлі табиғи белдеулердің суреттер топтамасы ұсынылады. - Экваторлық белдеу (Оңтүстік Американың солтүстігі, Африка орталығы, Еуразияның шеткі оңтүстігі) - Тропикалық белдеу (Еуразия, Солтүстік Америка, Австралия, Оңтүстік Америка) - Қоңыржай белдеу (Еуразия, Солтүстік Америка, Оңтүстік Америка) Қазақстан қоңыражай климаттық белдеуде орналасқан. Жылдың барлық маусымы айқынкөрінеді. - Полярлық белдеу (Антарктида, Арктика мұхиты) Оқушыларұсынылған белдеудің табиғатын (рельеф, климат және т. б.) сипаттайды, осы белдеудің табиғи жағдайларының адамдардың өмірі мен қызметіне әсері туралы айтады. 2. «Волейбол» стратегиясы (ұжымда) Талқылау үшін сұрақтар: - Қандай негізгі климаттық белдеулер бар? - Әрбір климаттық белдеудегі табиғи жағдайлар қандай? - Қандай климаттық белдеуде адамдар қуана қоныстанар еді? - Ертеде адамдар қандай жерлерде, қай аймақта қоныстанды? Ол аймақтың оңтүстігі мен солтүстігін таңдау себебі неде? - Не себепті адамдар өсімдіктері бай және жануарлар әлемі мол мекендерді таңдады? 3. Сабақ мақсатын анықтау (ұжымда) • Сабақ тақырыбы мен мақсаты жайлы оқушылардың болжамдары айтылады • Сабақ мақсаты ұсынылады: - табиғи жағдайлардың адамдардың қоныстануына әсерін анықтау.	
Сабақтың ортасы	4. Тақырып бойынша кіріспе "Адамдардың қоныстануы және Жер халқының өсуі" атты бейнематериалдың көрсетілімі Талқылау үшін сұрақтар: - Алғашқы адамдар қайда тұрды? - Бұл табиғи жағдайларға байланысты болды ма? - Неге адамдар су жанында қоныстанды? - Неге адамдар таудың етегінде, төбенің жанында өмір сүрді? Әңгімелесуден қорытынды жасалады. 5. «Картамен жұмыс» тапсырмасы (жүппен) Қала типтес кенттер мен қалалардың атауы жазылған Қазақстан картасы көрсетіледі. № 1 тапсырма. Картадан өзендердің (көлдердің, теңіздердің) атауымен немесе "су" сөзімен байланысты қалаларды табыңдар. № 2 тапсырма. Картадан атаулары «тау», «төбе» сөздері кездесетін қала және ауылдарды көрсетіңдер. Оқушылар жүппен жұмыс істейді және таратпа материалда атауларды тауып белгілейді. Оқушылардың жауаптары ұжымда талқыланады және соңғы нұсқасы дәптерге жазылады. Бағалау критерийлері: -су нысандары (көлдер, өзендері және т. б.) жанында орналасқан Қазақстанның қалалары мен қоныстарын атайды және көрсетеді; - тау баурайында, төбешіктер жанында орналасқан Қазақстанның қалалары мен қоныстарын атайды және көрсетеді. 6. Мұғалімнің сыйлығы «Ұлы Жібек жолы» Бейне тосын сый 3.28 Ұлы Жібек жолы - Шығыс пен Батысты біріктірген орасан зор сауда бағыты. Оның ұзындығы 12 мың шақырымды құрады, сауда керуенінің бағыттарының бірі Оңтүстік Қазақстан аумағынан өтті. Бағалау критерийлері: - Ұлы Жібек жолы және оның адамдарды қоныстандырудағы маңызы туралы біледі. 7. Картамен жұмыс (жүппен) жалғасы Қазақстан картасы бойынша жұмысты жалғастыру. Тапсырма № 3. Картадан елдің оңтүстігіндегі көне қалаларды табыңдар: Түркістан, Шымкент, Тараз Алматы. Неге олар осы өңірде пайда болған? Оқушылар Жібек жолының сызбасына сүйене отырып жүппен жұмыс істейді. Жауаптар дәптерге жазылады және басқа жүппен бағаланады. Бағалау критерийлері: - Ұлы Жібек жолы бағыты бойынша орналасқан Қазақстанның қалалары мен қоныстарын атайды және көрсетеді.	
Сабақтың соңы	1. «Сондықтан ...» стратегиясы (жеке) Оқушыларға 3 тұжырымды аяқтау ұсынылады: * Өзен-тіршілік көзі, сондықтан.... * Адам ежелден таудың жанында қоныстанған, сондықтан қазір де ... * Ежелде еліміздің Оңтүстігінде Ұлы Жібек жолы өтті, сондықтан... Бағалау критерийлері: - адамдардың қоныстану себептерін анықтайды.	
Рефлексия	Рефлексия «Менің пікірім» Оқушыларға таратпа парақтар таратылады. Блогер ретінде сабаққа пікірлер жазу ұсынылады. Сабақ маған ұнады Тағы қалар едім..... Рахмет айтқым келеді.....	
Дүниетану		